Олжабаев Бекарыс Кобланулының
«8D02304-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған
«Түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісі»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңестің
уақытша мүшесі, шетелдік ғалымның жазбаша ресми

ПІКІРІ

Олжабаев Бекарыс Кобланулының «Түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы когнитивтік фольклортану мен когнитивтік әдебиеттану бағытында орындалған, фольклорлық мәтіндердегі «туған жер» концептісін когнитивтік, мәдени-танымдық және көркемдік модельдер негізінде зерделеуге арналған тың ғылыми ізденіс болып табылады. Жұмыстың өзектілігі фольклорлық шығармаларда «туған жер» концептісі фольклорлық концепт және көркем концепт ретінде архетиптік образдар мен мотивтер жүйесінде қарастырған. Жұмыста «туған жер» концептісі түркі фольклоры мен топонимдік фольклор аясында жан-жақты, кешенді түрде зерттелген. Когнитивтік және көркемдік модельдер, архетиптік және мотивтік құрылымдар жүйелі түрде талданып, олардың фольклорлық мәтіндердегі көріністері нақты мысалдармен дәйектелген. Зерттеу барысында қазақ, қырғыз, татар және башқұрт фольклорындағы «туған жер» концептісінің ортақ белгілері мен ұлттық ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылып, олардың мәдени-танымдық негіздері ашылған. Осылайша, диссертацияның мазмұны оның тақырыбын жан-жақты қамтып, ғылыми мақсат пен міндеттерге толықтай сәйкес келеді. Диссертанттың атқарған ғылыми-зерттеу жұмысы өзектілігімен, нақты қойылған мақсаттары мен міндеттерінің орындалуымен, ғылыми жаңалығымен, алынған нәтижелерімен және олардың практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді.

Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде түркі фольклорындағы «туған жер» концептісінің мазмұндық құрылымы жан-жақты талданған. Зерттеу А. Приходько ұсынған үш деңгейлі концепт-схема негізінде жүргізілген (дисс. 15-55 б.), бұл әдіс белгілі бір концептінің ядролық, жақын перифериялық және алыс перифериялық мағыналарын анықтауға мүмкіндік береді. Аталған модельдің негізінде қазақ, қырғыз, татар және башқұрт халықтарының қаһармандық (дисс. 20-35 б.) және ғашықтық жырлары (дисс. 36-49 б.) талдауға алынған. Атап айтқанда, «Шора батыр», «Ер Табылды», «Ер Төстік», «Алпамыс», «Орал батыр», «Қыз Жібек», «Ак-Мөөр», «Кузыйкүрпәс және Маянхылу», «Шәһсәнәм мен Гариб», «Сайфульмулюк» сынды фольклорлық мұралар когнитивтік талдау нысанына айналған. Бұл туындылардағы «туған жер» концептісінің семантикалық өрісі кеңінен қарастырылып, оның мағыналық және перифериялық қабаттары жүйеленген. Сонымен қатар, қаһармандық эпостарды талдау нәтижесінде «туған жер» концептісінің этнопсихологиялық, социодискурстық және лингвомәдени

аспектілері айқындалған (дисс. 20-50 б.). Кейіпкер санасындағы туған жер ұғымының эмоционалдық және мәдени-танымдық реңктері, сондай-ақ, фольклор мәтіндеріндегі тұрақты образдар мен символдар арқылы көрініс табуы ғылыми негізде дәлелденген. Осылайша, зерттеудің бұл бөлімі «туған жер» концептісін түркі халықтарының фольклорлық дүниетанымында орнықты когнитивтік құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді және диссертант ұсынған тұжырымдар ғылыми жаңалық деңгейінде бағалауға лайық.

Диссертациялық жұмыстың екінші бөлімінде қазақ, татар, қырғыз және башқұрт халықтарының фольклорлық мұраларындағы ертегі жанрына когнитивтік-фольклортанулық талдау жасалған (дисс. 58-59 б.). Бұл бөлімде «туған жер» концептісінің әртүрлі мәдени-ұлттық мазмұнда көркемдік-когнитивтік деңгейде көрініс табуы айқындалған. Зерттеу аясында ертегілерде жиі кездесетін «ана», «батыр», «билеуші», «дана» тәрізді архетиптік бейнелер «туған жер» концептісімен сабақтастырыла қарастырылған. Бұл архетиптер арқылы ертегілерде туған жердің киелі мекен ретіндегі қабылдануы, оны қорғау, аңсау, қайта оралу мотивтері анықталған. Сонымен қатар, ертегілердегі «туған жер» ұғымына қатысты мотивтер (жолға шығу, оралу, іздеу, ажырау, табысу т.б.) жүйеленіп, олардың семантикалық және символдық жүктемесі сараланған. Концепт ұғымын архетип және мотив терминдерімен байланыстыра отырып талдау – зерттеудің танымдық өрісін кеңейте түседі. Зерттеудің маңызды бағыттарының бірі – ертегілер мен аңыздарда (дисс. 79-95 б.) кездесетін топонимдердің анықталуы мен олардың функционалдық қызметінің сипатталуы. Мәтіндердегі топонимдер көркемдік мазмұнмен қатар, мәдени-тарихи ақпарат тасымалдаушы ретінде қарастырылып, олардың сакралдық, локативтік және сәйкестендіруші қызметтері талданған. Сонымен қатар, қазақ, татар, башқұрт және қырғыз фольклорындағы топонимдік аңыз жанры да назардан тыс қалмаған. Бұл жанрға тән құрылымдық ерекшеліктер, мотивтік тұрақтылық, геомифологиялық элементтер мен танымдық функциялар талданып, топонимдік аңыздардың когнитивтік және этномәдени қызметтері ғылыми тұрғыда негізделген. Осылайша, екінші бөлімдегі зерттеу нәтижелері «туған жер» концептісін этностық дүниетаным, архетиптік жүйе, мотивтік құрылым және тілдік-көркемдік құралдар тұрғысынан жан-жақты ашуға мүмкіндік берген.

Зерттеу жұмысының келесі бір өзекті бағыты – түркі фольклорындағы топонимдік әпсана мен топонимдік хикаят жанрларының «туған жер» концептісін қалыптастырудағы рөліне арналған (дисс. 97-112 б.). Бұл жанрлар фольклордағы кеңістікті тану мен мәдени-тарихи жадыны сақтау функциясын атқара отырып, ұлттық дүниетанымның қалыптасуына әсер ететін маңызды фольклорлық құрылым ретінде қарастырылады. Топонимдік әпсана мен топонимдік хикаяттың жанрлық ерекшеліктері олардың мазмұны мен құрылымынан көрініс табады. Топонимдік аңыздар көбіне тарихи-мифтік шындыққа жақын болады. Кеңістікті нақтылап, тұрақты формада сақталса, топонимдік әпсаналар кеңістік пен уақыт шеңберінде өзгеріске бейім келеді.

Осы ерекшелік топонимдік әпсананың табиғатын айқындай түседі және оны фольклордағы өзгеше танымдық механизм ретінде зерделеуге мүмкіндік береді. Аталған жанрлардағы «туған жер» концептісі танымдық, мағлұматтық және образдық сипаттармен сипатталады. Бұл шығармаларда туған жердің шығу тегі, атауының пайда болу себептері, ол жермен байланысты тарихи не мифтік оқиғалар көркем тілмен баяндалады. Фольклорлық сюжеттердің осылайша кеңістіктік обьектілермен ұштасуы «туған жер» ұғымының киелілік, тарихи және символдық маңызын арттыра түседі. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста түркі фольклорындағы «туған жер» концептісінің мақал-мәтелдер жүйесінде көрініс табуы да арнайы қарастырылған. Мақал-мәтелдерде бұл концепт тұрақты, қалыптасқан мағыналық өрістермен беріледі (дисс. 116-121 б.). Атап айтқанда, «туған ел», «ата қоныс», «ата жұрт», «атамекен», «туған жерді қорғау» сынды тіркестер фольклорлық дүниетанымда кең тараған және белгілі бір мәдени-тарихи ұғым ретінде қалыптасқан. Осы тұрғыдан алғанда, «туған жер» концептісінің көркем-танымдық репрезентациясы тек қаһармандық немесе ғашықтық жырлармен шектелмей, кеңістікті бейнелеуші жанрлар арқылы да жүзеге асатыны ғылыми негізде дәлелденген.

Диссертациямен танысуда стильдік, техникалық қателер кездеседі, бірақ зерттеудің ғылыми мазмұнына мен теориялық маңызына нұсқан келтірмейді.

Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Еңбекті орындауы, өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертацияда академиялық жазу ұстанымдары толық сақталған. Ізденушінің ғылыми стильді меңгергендігі, өзіндік сыни пікірі, ой-топшылаулары бар. Өзіндік тұжырымдары мен нәтижелерін ғылыми басылымдарда жариялаған. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 5 мақала және халықаралық ғылыми конференцияларында 3 мақаланың басылуымен расталады.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сай келетін, толыққанды әрі аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Сондықтан Олжабаев Бекарыс Кобланулын «8D02304-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруді ұсынамын.

Пікір беруші:

Эгей университеті
Измир / Түркия

профессор, доктор Экиджи Метин